

"Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 1069 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 наурызда № 22292 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 1069 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19752 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі" кәсіби стандартының:

кәсіби стандартына қосымшада:

мына:

"

Кәсіби білімінің деңгейі	Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы ведомствоның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқытуы болған кезде жалпы орта білім. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білім.
--------------------------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Кәсіби білімінің деңгейі	Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқытуы болған кезде жалпы орта білім. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білім.
--------------------------	---

";

мына:

"

Кәсіби білімнің деңгейі	Жалпы орта білім және Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы ведомствоның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқытуы. Негізгі орта білім базасындағы техникалық және кәсіби.
-------------------------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Кәсіби білімнің деңгейі	Жалпы орта білім және Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқытуы. Негізгі орта білім базасындағы техникалық және кәсіби.
-------------------------	---

”;

мына:

”

Жалпы орта білім. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы ведомствоның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту, біліктілікті арттыру. Техникалық және кәсіби білім.
--

”

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

Жалпы орта білім. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлығы мен оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту, біліктілікті арттыру. Техникалық және кәсіби білім.

”;

мына:

”

Кәсіби білімінің деңгейі	Жалпы орта білім. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлау және оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы ведомствоның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту, біліктілікті арттыру.
--------------------------	--

”

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

Кәсіби білімінің деңгейі	Жалпы орта білім. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлау және оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту, біліктілікті арттыру.
--------------------------	---

”;

мына:

”

Кәсіби білімінің деңгейі	Жалпы орта, техникалық және жоғары деңгейдегі кәсіптік білім (Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлық және оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы ведомствоның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту).
--------------------------	---

”

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

Кәсіби білімінің деңгейі	Жалпы орта, техникалық және жоғары деңгейдегі кәсіптік білім (Өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған орталықтарда арнайы даярлық және оқыту курстары және/немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқыту).
--------------------------	--

”.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі*

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі